

**«Сағадат Нұрмағамбетов атындағы  
№72 жалпы орта білім беретін мектебі»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорны  
педагог-ұйымдастырушының  
2021-2022 оқу жылына арналған  
есебі**

**Педагог-ұйымдастырушы: Тасходжаева Гүлчехра Русланқызы**

**«ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ»** ұйымының **2021-2022** оқу жылындағы жұмыстары Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектепте **"МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ"** өзін-өзі басқару ұйымының **ПРЕЗИДЕНТІ** мен **ФРАКЦИЯ КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ** сайлауы болып өтті. Нәтижесінде жүйелі жоспары, бағыт-бағдары айқын, мақсаты нық басым дауысқа ие болған оқушылар сайланды:

Рахметуллаев Мұхамеджан - 10 «А» сынып оқушысы, МЕКТЕП ПРЕЗИДЕНТІ;  
Бақытжан Ұлар - 9 «Қ» сынып оқушысы, КӨШБАСШЫ ОРЫНБАСАРЫ;  
10«Е» сынып оқушысы Шалғынбай Нұрасыл - "Құқық және тәртіп" фракция көшбасшысы;  
Әлібек Перизат -10«Ә» сынып оқушысы, "Ақпарат" фракциясы көшбасшысы;  
Сағындық Диас -10 «А» сынып оқушысы, Спорт және салаутты өмір салты фракция көшбасшысы;  
Нұржаева Мадина - 10 «Г» сынып оқушысы,«Өзін-өзі тану және бақыт» фракциясы көшбасшысы;  
Мамытова Эльвира - 9 «Ә» сынып оқушысы "Мәдениет және өнер" фракциясы көшбасшысы  
Кенже Тұлғаталпын - 10 «Ә» сынып оқушысы "Дебат қозғалысы" фракциясының көшбасшысы;  
Бокейхан Ерсұлтан -10 «Ж» сынып оқушысы -"Қамқорлық" фракциясының көшбасшысы.  
Ибрагимова Мадина - 9 «Е» сынып оқушысы, "Экология және еңбек" фракция көшбасшысы;  
Абсамат Асылзат -9 «Қ» сынып оқушысы, Білім министрі;  
Тұрар Арсен -10 «Ә» сынып оқушысы, «Адал ұрпақ» клубының Президенті;  
Келес Мәди- 10 «Ж» сынып оқушысы, «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының Президенті;

Мектепшілік сайлау нәтижесімен мектеп мұғалімдері мен оқушылары таңдаған «Өзін-өзі басқару» ұйымының жаңа Президентін және фракция көшбасшыларын мектеп директоры Усманов Бегмат Нұралыұлы мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құрманбай Гүлбақыт Тайжанқызы құттықтап, жылы лебізін білдірді және Ұйымдастырушы педагог Тасходжаева Гүлчехра Русланқызына "Мектеп парламенті" өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын атқарудағы алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.






2021 жылдың 07 қазан күні мектепшілік **«МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ»** өзін-өзі басқару ұйымы, **«АДАЛ ҰРПАҚ»** клубы, **«БАЛА ӨКІЛДІГІ»** ПРЕЗИДЕНТТЕРІ мен **МИНИСТРЛЕРІН** ЖӘНЕ **«ЖАС ҰЛАН»** бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ҰЛАНБАСЫН ұлықтау рәсімі өткізілді.



Мектептің инспекторы Курбанов Бағдат және **«МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ» ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ** ұйымының **«ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП»** фракция министрінің ұйымдастыруымен 1 сынып оқушыларына **«Абайлаңыз,балалар!»** атты жолда жүру ережелерімен таныстырды.



**«МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТ» өзін-өзі басқару ұйымының «ДЕБАТ» қозғалысы**  
фракциясы



Мектеп психологы Бекбосынова Кулия мен өзін-өзі басқару ұйымының **«ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ ЖӘНЕ БАҚЫТ» ФРАКЦИЯСЫНЫҢ** ұйымдастыруымен **«БІЛГЕНІМНЕН БІЛМЕГЕНІМ КӨП ӘЛІ....»** тақырыбындағы жасөспірім қыздарға арналған психологиялық кеңес өткізді.



**«МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТИ»** өзін-өзі басқару ұйымының **«ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП»** фракциясының министрі Шалғынбай Нұрасыл Нұр-Сұлтан қаласында қазақ күресінен жасөспірімдер арасында өткен Республикалық турнирден I-орынды иеленіп, медальға қол жеткізіп, арнайы дипломмен марапатталды.



### 1 желтоқсан - ҚР Тұңғыш Президенті күні.

Бұл күнде бұл есімді төрткіл дүние біледі. Даналық, көшбасшылық, көрегендік қазақ басшысына тән.

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектептің **"ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ"** ұйымының оқушылары 1 желтоқсан - Тұңғыш Президент күніне орай **"Ел тірегі-ЕЛБАСЫ"** тақырыбында бейнебаян дайындады.


Елбасының өмірі, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарға тоқталып өтті.



«Құқық және тәртіп фракциясының ұйымдастыруымен өткен» **"ВЕЙП-ДЕНСАУЛЫҚҚА ӨТЕ ҚАУШПТИ"** атты апталық барысында **"ҰРПАҚ САУЛЫҒЫ-ҰЛТ САУЛЫҒЫ"** тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.



2022 жылдың 26 қаңтар күні **«ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ ЖӘНЕ РЕФЛЕКСИЯ»** тақырыбында Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты мектептердің **«Мектеп парламенті»** президенттері мен координаторларына арналған онлайн форматта тренинг өтті. Тренингке Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектептің **«МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТИ»** өзін-өзі басқару ұйымының президенті, 10 "А" сынып оқушысы Рахматуллаев Мұхамеджан қатысты. Қашықтықтан ұйымдастырылған іс-шара барысында мектеп белсенділері Солтүстік Қазақстан облысының "АЯЛА" қамқорлық балалар ұйымының атқарған жұмыстарымен, мақсат - бағыттарымен танысты. Өзін-өзі басқару ұйымының "Өзін-өзі тану және қамқорлық" фракциясының тарапынан құрылған қамқорлық балалар ұйымының қоғамға, мектеп оқушыларына тигізетін пайдасы туралы қызықты әрі құнды ақпараттар алды. **"МЕНІҢ АРМАНЫМ"** айдарында өткен тренинг барысында **"МЕНІҢ ОРЫНДАЛМАҒАН 3 АРМАНЫМ"** ойыны сергіту сәтімен жалғасып, керемет әнмен тренингімізді аяқтадық.





## АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

Елімізде 1 наурыз - «Алғыс айту күні» болып 2016 жылдан бастап атап өтілуде. 2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды елімізде **«Алғыс айту күні»** деп жарияланды. Алғыс айту күні – күрделі заманды иық тіресе бірге еңсеріп, қысқа мерзім ішінде Елбасының басшылығымен Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төккен еліміздің барлық азаматтарының бір-біріне құрмет білдіретін күні. Осы мерекеге орай, Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектептің **«МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ»** «Өзін-өзі басқару» ұйымының көшбасшылары алғыс айту күнімен құттықтайды.



## АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ...

САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ N72 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ 1 наурыз - Алғыс айту күніне орай мектебіміздің **"МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ"** өзін-өзі басқару ұйымының **"ҚАМҚОРЛЫҚ"** фракция мүшелерінің және ұйымдастырушы- педагог Г.Р.Тасходжаеваның ұйымдастыруымен **"БАТАМЕНЕН ЕЛ КӨГЕРЕР"** тақырыбы аясында көп балалы отбасына қайырымдылық көмек көрсетілді. Батасын, тілегін білдірген Ана балаларға Алғысын білдірді.





Сағадат Нұрмағамбетов атындағы N72 жалпы орта білім беретін мектебінің **“МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ”** өзін -өзі басқару ұйымының 1 - наурыз алғыс айту күнімен құттықтауы.

